

1-БЛОК: Сызу/Технология (ұл балаларға арналған)

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Нақты масштаб:

- A) 1:1.
- B) 1:3.
- C) 1x1.
- D) 2:1.
- E) 1:2.

2. Параллель орналасқан өлшем сызықтардың арақашықтықтары:

- A) 7мм – 10мм
- B) 2мм – 5мм
- C) 5мм – 12мм
- D) 5мм – 10мм
- E) 5мм – 7мм

3. Масштаб қалай белгіленеді :

- A) M2:1
- B) M
- C) 1:1
- D) 5:1
- E) 2:1

4. Түйіндесу радиусын

- A) қоямыз
- B) табамыз
- C) өлшейміз
- D) ескереміз
- E) беріледі

5. Шеңберді тең бөліктерге бөлу үшін -----пайдаланады

- A) хордалар кестесін
- B) циркульді
- C) сызғышты
- D) үшбұрыштарды
- E) транспортирді

6. Параллель проекциялаудың төртінші қасиеті :

- A) параллель түзулер параллель түзулерге проекцияланады
- B) проекциялау бағытына параллель емес түзудің проекциясы да түзу болады
- C) кесінділердің қатынасы параллель проекциялау нәтижесінде өзгермейді
- D) проекциялаудың бағытына параллель емес түзудің проекциясы
- E) нүктенің проекциясы да нүкте болады

7. Конустың горизонталь жазықтықтағы табаны:

- A) овал
- B) эллипс
- C) шар
- D) үшбұрыш
- E) дөңгелек


8. Цилиндрдің неше төбесі бар:

- A) 3
- B) 0
- C) 1
- D) 2
- E) 4

9. Форматтың, жолақ пішімдерін тігу үшін қалдыратын орын болу керек.


- A) оң жағында
- B) үстіңгі жағында
- C) төменгі жағында
- D) ортасында
- E) сол жағында

10. Горизонталь проекцияда берілген дененің проекциясы



- A) призма
- B) конус
- C) найза
- D) стелла
- E) дұрыс үшбұрышты пирамида

11. Сызбада конустың өлшемдері



- A) Ш20, h65
- B) Ш50, h75
- C) Ш40, h65
- D) Ш30, h55
- E) Ш40, h50

12. Пирамиданың квадрат табаны проекцияда кескінделеді .

- A) Н жазықтығына өз күйінде
- B) Н жазықтығына үшбұрыштар күйінде
- C) Н тіктөртбұрыштар күйінде
- D) Н жазықтығына ромб тәріздес болып
- E) тең бүйірлі үшбұрыштар күйінде


13. Нәрсенің көрінетін беті қалай аталады?

- A) көрініс
- B) проекция
- C) сурет
- D) сызба
- E) схема

14. Сәйкестендіріңіз:




A)



B)



C)




D)




E)





15. Суретке көріністерді сәйкестендіріңіз:





A)




B)





C)



D)



E)



16. Нәрсенің неше көріністері бар:

- A) 1
- B) 3
- C) 6
- D) 5
- E) 2

17. Жіктеу процессі

- A) бұйымдардың сызбасы бойынша олардың құрамындағы тетіктердің сызбаларын салады
- B) қанша тетіктен тұратынын және атауын анықтайды
- C) өзара біріктірмеген бұйымдардың толық жиынтығы
- D) сызба мен басқа техникалық құжаттарды оқиды
- E) жұмыс істеу принципі мен құрастырудың ретін анықтайды

18. Шартты белгілер мемлекеттік стандартпен (МЕСТ) қарастырылмаған жағдайда:

- A) Шартты белгілердің түсініктемесімен шектеледі
- B) Шартты белгілерді мемлекеттік стандартқа сай ауыстыру керек
- C) Мемлекеттік стандартқа сай келмейтін жағдайда, олар салынбайды
- D) Мемлекеттік стандартындағы өзгерістерді күту қажет
- E) Әр сызбаның өз стандартын қарастыру қажет

19. Сызбада қима фигурасының көрсетілуі

- A) тұтас жіңішке сызықпен
- B) ирек сызықпен
- C) үзілме сызықтармен
- D) тұтас жуан сызықпен
- E) тұтас жуан үзілме сызықпен 45° бұрыш жасап

20. Топографияда биіктен түсірген сьемкалар:

- A) Изогипстер
- B) Аэросьемка, аэрограмметрия
- C) Жердің горизонтальдарын оның физикалық беті
- D) Салыстырмалы немесе абсолют биіктігі
- E) Геодезия, картография

21. Топографиялық карталарды қолдану:

- A) Жүргізушілердің жолда қолдануы үшін
- B) Ұшақ ұшқыштары қолданулары үшін
- C) Жан-жануарлардың мекендейтін жерлерін анықтау үшін
- D) Жергілікті жерлер туралы мәліметтер алу үшін
- E) Жер астының пайдалы кеңдерін табу үшін

22. Көлбеу түріндегі қаріптің градусы неше болады:

- A) 60^0
- B) 75^0
- C) 65^0
- D) 85^0
- E) 80^0

23. А сызығының Б сызығына үшінші С сызығының көмегімен біртіндеп өтуі

- A) параллель
- B) жанама
- C) түйіндесу
- D) сопақша
- E) шеңбер

24. Нәрсе жағы проекциялар жазықтығына перпендикуляр болса , бұл жақ ...

- A) нүкте түрінде кескінделеді
- B) түзу сызық түрінде кескінделеді
- C) көрінбейтін сызықтармен кескінделеді
- D) штрих сызықтармен кескінделеді
- E) контур сызықтармен кескінделеді

25. Ортақ нүктесі жоқ түзу мен жазықтық

- A) тұйық сызықтар
- B) 90^0 -қа бұрыш жасайтын түзулер
- C) дербес түзулер
- D) бәсекелес түзулер
- E) параллель түзулер

26. Пайдалануына қарай болаттың түрлері

- A) құрал-саймандық, құрылыс, шаруашылық, арнайы мақсаттағы
- B) құрал-саймандық, конструкциялық, арнайы мақсаттағы
- C) арнайы мақсатты, конструкциялық, құрал-саймандық
- D) конструкциялық, құрал-саймандық, құрылыс, шаруашылық
- E) құрылыс, конструкциялық, құрал-саймандық, арнайы мақсаттағы

27. Шеберханадағы ауа температурасы

- A) $23-25^{\circ}\text{C}$
- B) $30-33^{\circ}\text{C}$
- C) $15-17^{\circ}\text{C}$
- D) $17-20^{\circ}\text{C}$
- E) $25-27^{\circ}\text{C}$

28. Ағаш жонғыш білдекте жұмыс істегенде сақталатын қауіпсіздік ережесі
- A) дайындаманың жонуға жарайтындығына көз жеткізу
 - B) кескіш құрал жабдықтың жұмысқа жарамдылығын тексеру
 - C) қорғаныш көзілдірігін кию
 - D) барлығы дұрыс
 - E) білдекке дайындаманы мықтап бекіту
29. Қазақ халқында ағаш өңдеумен айналысатын ұсталар:
- A) Үйші, оймашы, балташы, тоқушы
 - B) Үйші, оймашы
 - C) Оймашы, балташы, тоқушы
 - D) Тоқушы, үйші, балташы
 - E) Оймашы, тоқушы, үйші
30. Аралау қандай тәсілдермен және қандай аралармен жүзеге асырылады
- A) Бәрі дұрыс
 - B) Қыл ара
 - C) Жақ ара
 - D) Дөңгелек цилиндрлік аралар
 - E) Таспалы ара
31. Ағаш діңін кесу кезінде шыққан жартыкеш тақтай бөлігі.
- A) Шпал
 - B) Дөңбектер
 - C) Стропила
 - D) Обрешетка
 - E) Горбыль
32. Кептіру кезінде ағашқа жағылған әк оның бойындағы қандай сұйықтарды тез сорып алады
- A) Целлюлоза
 - B) Лигнин
 - C) Гемицеллюлоза
 - D) Су
 - E) Лигнин, су
33. Ағашты алғаш дөрекі өңдеу үшін пайдаланылатын сүргі
- A) фуганок
 - B) шаппа шот
 - C) қос пышақты
 - D) шерхебель
 - E) дара пышақты

34. Металдарды шабуға арналған құрал

- A) шапқы, крейцмейсель
- B) балта
- C) крейцмейсель
- D) шапқы
- E) қашау

35. Металдар неше топқа бөлінеді

- A) 4
- B) 6
- C) 3
- D) 2
- E) 5

36. Құрамында көміртек, хром, никель, бар конструкциялық жоғары сапалы болатты көрсет

- A) P6M5
- B) Д2Т
- C) УХВ
- D) 20Х2Н4А
- E) У7А

37. Адам баласы табиғи шикізаттан темірді көп мөлшерден айырып ала білген заман

- A) б.з.д. 2 мыңжылдықта
- B) б.з.д. 2-5 ғасыр
- C) б.з.д. 1 мыңжылдықта
- D) б.з.д. V-VIII ғасыр
- E) б.з.д. 3 мыңжылдықта

38. Дұрыс аталмаған бұранда

- A) сегіз қырлы
- B) тәж
- C) қосқұлақ
- D) алты қырлы
- E) шаршы

39. Қант қызылшасын себетін сеялканың маркасы.

- A) БМ-4
- B) ЗПС-100
- C) ССТ-12А
- D) РКС-4
- E) СКН-6А

40. Сүйек өңдейтін құралдарға жататындар

- A) қайқы пышак, ыңғыру
- B) үскі, түрпі
- C) сомын, ыңғыру
- D) шарық, егеу
- E) пышқы, шапашот

41. Қобыз үніне ерекше үн қосып тұру үшін немен безендірілген

- A) Металл сылдырмақтармен, күміс қоңыраушылармен
- B) Металдан жасалған әртүрлі сылдырмақтармен жез қоңыраушылармен
- C) Металл жасалған әртүрлі сылдырмақтармен, қоңыраушылармен
- D) Жезден жасалған әртүрлі сылдырмақтармен, қоңыраушылармен
- E) Жезден сылдырмақтармен, қоңыраушылармен

42. Күмісті қарайту тәсілі

- A) бояулармен
- B) қыздырады
- C) майға қайнатады
- D) суға салады
- E) күкірт қосады

43. Күміс бұйымдарға алтынды жалату қай өңірде кең тараған

- A) Шығыс
- B) Орталық
- C) Батыс
- D) Оңтүстік
- E) Солтүстік

44. Келі-келсаппен қандай жұмыстар атқарылады

- A) Мал азығына жем өңдеген
- B) Жент жасауға пайдаланған
- C) Бидайдан ұн алу үшін қолданған
- D) Күріш ұнтақтаған
- E) Бидай, тары және тұздар ұнтақтаған

45. Уық бөліктерінің аталу түрі.

- A) Барлығы дұрыс.
- B) Қары.
- C) Иіні.
- D) Алақан.
- E) Қаламы.

46. Күбі неше бөліктен тұрады.

- A) 3
- B) 6
- C) 5
- D) 4
- E) 7

47. Компанияны бірге басқарып, бірге иеленуші

- A) Кәсіпкер
- B) Монополист
- C) Компаньон
- D) Коммерсант
- E) Бизнесмен

48. Мамандықты дұрыс таңдамаудың себебі

- A) жауапкершіліксіз қарау
- B) ата-ананың таңдауы
- C) сүйікті пәнін шатастыру
- D) жауапкершілігінің аздығы
- E) жал ақысының ерекшелігі

49. Жұмсалатын тікелей шығынның аталуы

- A) қызметкерлерді оқыту
- B) еңбек ақы төлеу
- C) несие пайызын төлеу
- D) лицензия алу
- E) аренда төлеу

50. Кәдесый домбыра жасайтын мамандар

- A) ісмерлер
- B) ағаш ұстасы
- C) ұсталар
- D) зергерлер
- E) қолөнер шеберлері

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Үзілме сызықпен _____ сызықты орындайды:

- A) 2мм-ден 8мм-ге дейін, жіңішке
- B) 2мм-ден 8мм-ге дейін,көрінбейтін
- C) 2мм-ден 8мм-ге дейін,қос нүктелі
- D) 2мм-ден 8мм-ге дейін,жуан
- E) 2мм-ден 8мм-ге дейін,көмекші
- F) 2мм-ден 8мм-ге дейін,өлшем
- G) 2мм-ден 8мм-ге дейін,осьтік
- H) 2мм-ден 8мм-ге дейін,контурлы


52. Центр нүктесінен бірдей қашықтықтағы жазықтықтық:

- A) шеңбер
- B) куб
- C) төртбұрыш
- D) айналмалы жазықтық
- E) ромб
- F) эллипс

53. Ординаталар _____ осі:

- A) штрихпунктирлік нүкте
- B) координаталар
- C) « у » түзуінің атауы
- D) центрлік нүкте
- E) центрдің
- F) бас нүкте

54. Суреттегі тілімше көрсетілген .



- A) «кабинеттік»диметрияда.
- B) перспективада.
- C) тікбұрышты изометрияда.
- D) қиғаш бұрышты профильді диметрияда.
- E) тікбұрышты диметрияда.
- F) қиғаш бұрышты фронталь диметрияда

55. Тіліктерде штрихталмайтын жерлер:

- A) тетіктің жұқа қабырғасы арқылы жазықтықтың өткен жері
- B) тетіктің қуыс арқылы жазықтықтың өткен жері
- C) тетіктің материалы арқылы жазықтықтың өткен жері
- D) тіліктің барлық жері арқылы жазықтықтың өткен жері
- E) тетік арқылы өткен жазықтықтың жері
- F) тетіктің шыбықтары арқылы жазықтықтың өткен жері

56. Минералдық тыңайтқыштар

- A) Қордалар
- B) Көң
- C) Шымтезек
- D) Калий
- E) Фосфор
- F) Азот

57. Жазықтық бетінен шығып тұрған фигуралардың биіктігіне қарай бөлінуі

- A) айшықты
- B) барельеф
- C) горельеф
- D) рельеф
- E) нақыштама

58. Асыл металдар

- A) Селен
- B) Платина
- C) Алтын
- D) Титан
- E) Вольфрам
- F) Күміс

59. Атмосфераның ластануында қолданылатын шаралар

- A) аз қалдықсыз технологияны өндірісте қолдану
- B) қайнаған сулар, оның тұнуы
- C) тұнбаларда тұнуы
- D) фильтрлер, зарарсыздандыру
- E) судың ластануында заттардың тітіркенуі
- F) қалдықсыз технологияны өндірісте қолдану


60. Интерьерді жабдықтаудың негізгі шарттары

- A) жиһаз
- B) есік
- C) қолайлығы
- D) плинтус
- E) әсемдік
- F) жарықты

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



61. Шеңбер доғасын іштей түйіндестіру:

- A) в
- B) а
- C) б,в
- D) б
- E) ә

62. Бір сызық басқа бір сызыққа өтетін нүктені _____ нүктесі:

- A) проекциялау
- B) кескіннің
- C) радиус
- D) нүкте проекциясы
- E) түйіндесу

63. Қиылысатын түзулерді шеңбер доғасымен түйіндестіру:

- A) а,в
- B) ә,б
- C) б,в
- D) в
- E) а

64. Циркульдің көмегімен сызу мүмкін болмайтын _____ қисық сызық:

- A) эллипс
- B) парабола
- C) лекалолық
- D) доғалық
- E) гиперболола

65. Шеңбер доғасын түзумен түйіндестіру:

- A) б,в
- B) ә
- C) б
- D) в
- E) а

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Механизм — бір немесе бірнеше қатты денелерді басқа қатты денелер арқылы қажетті қозғалысқа келтіретін денелер жүйесі. Қазіргі заманғы білдектердің құрылымы күрделі. Электроқозғалтқыштан дайындамаға және кесуші құралға қозғалыстар әр түрлі механизмдер арқылы беріліп тұрады.

66. Бір білдектен екінші білдекке қозғалыс беретін механизмнің атауы

- A) біліктер
- B) жетектер
- C) тіректер
- D) беріліс
- E) білік

67. Айналу қозғалысын түзу сызықты үдемелі қозғалысқа айналдыру үшін қолданатын беріліс

- A) тісті
- B) бұрамдықты
- C) белдікті
- D) төрткілдеш
- E) жалғастырғыш

68. Жоғары жылдамтықтағы білік айналымында бір қалыпты қамтамасыз ететін беріліс

- A) белдікті
- B) төрткілдеш
- C) жалғастырғыш
- D) тіректі
- E) бұрамдықты

69. Перпендикулярлы біліктер арасындағы берілген айналу қозғалысының жылдамдығын кәдімгідей баяулатып беретін қозғалысты беріліс атауы

- A) жалғастырғыш
- B) бұрамдықты
- C) тісті
- D) белдікті
- E) төрткілдеш

70. Білік немесе беріліс элементтерін оқтын-оқтын немесе барлық кезде қосуға арналған _____ .

- A) бұрамдықты
- B) жалғастырғыш
- C) белдікті
- D) тісті
- E) төрткілдеш

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.